

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚЫЗЫЛОРДА БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін
Университет ректоры, т.ғ.к.
К.К.Дауренбеков
Қызылорда Болашақ
Университеті
БСН 991040
Ғылыми Кеңестің шешімі
№1 хаттама «31» тамыз
(№2А хаттама «06» 19 2021 жыл
Өзгертулер мен толықтырулар енгізілді)



Магистранттардың педагогикалық іс-тәжірибесі туралы
ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2021 жыл

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Педагогикалық іс-тәжірибенің мақсаттары мен міндеттері
3. Іс-тәжірибенің ұйымдастыру негіздері
4. Педагогикалық іс-тәжірибенің мазмұны
5. Магистранттардың педагогикалық және әдістемелік күзіреттеріне қойылатып талаптар
6. Магистранттардың құқықтары мен міндеттері
7. Педагогикалық іс-тәжірибе бойынша есептік құжаттама
8. Қосымшалар

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже магистранттардың педагогикалық іс-тәжірибедан өту тәртібін реттейді; оның міндеттерін, мазмұнын, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды.

1.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық іс-тәжірибе (бұдан әрі - іс-тәжірибе) магистратураның білім беру бағдарламаларының маңызды және ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және жоғары мектепте білім беру және тәрбие процесін жүзеге асыру бойынша білім алушылардың оқу курстарын оқытуды, магистранттың оқу қызметін ұйымдастыруды, ғылыми-әдістемелік жұмысты, іс-тәжірибелік оқытушылық қызметтің машықтары мен дағдыларын алуды қамтитын іс-тәжірибелік қызмет түрін білдіреді.

1.3 Педагогикалық іс-тәжірибе магистранттардың университеттегі ғылыми-педагогикалық қызметке кешенді психологиялық-педагогикалық және ақпараттық-әдістемелік дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

1.4 Педагогикалық іс-тәжірибе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (МЖМБС) белгіленген көлемде оқу процесінен қол үзбей теориялық оқыту кезеңінде өткізіледі.

1.5 Магистранттардың педагогикалық тәжірибесінің негізгі базасы болып университетінің бітіруші кафедралары табылады. Ерекше жағдайларда, шарттық қатынастары бар басқа жоғары оқу орындарында іс-тәжірибедан өтуге рұқсат беріледі.

1.6 Педагогикалық іс-тәжірибені ұйымдастырушы магистрантты даярлау бағыты бойынша университеттің бітіруші кафедралары болып табылады. Жалпы басшылық және іс-тәжірибедан өтуді бақылау кафедра меңгерушісіне және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым бөлімінің басшысына жүктеледі.

1.7 Педагогикалық іс-тәжірибені өту бағдарламасы магистрант жетекшісімен бірлесіп әзірлейді және оны кафедра меңгерушісі бекітеді.

1.8. Педагогикалық іс-тәжірибеден өту нәтижелері бойынша магистрант толық есеп ұсынады және оны кафедра отырысында қорғайды. Аттестаттау қорытындысы бойынша магистрантқа қорытынды баға қойылады.

1.9 Педагогикалық іс-тәжірибеден өту ұзақтығы мен мерзімі бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.

2. Педагогикалық іс-тәжірибені мақсаттары мен міндеттері:

2.1. Педагогикалық іс-тәжірибеден өту мақсаттары::

- магистранттардың жоғары оқу орындарында педагогикалық қызметке дайындығын қамтамасыз ететін кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру, инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқу сабақтарының жекелеген түрлерін дайындау және өткізу бейініне сәйкес білім беру процесін жобалау;

- жоғары оқу орындарында кәсіби-педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмыстың іс-тәжірибелік біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;

-кәсіби педагогика саласындағы психологиялық-педагогикалық білімді бекіту және ғылыми-педагогикалық міндеттерді шешуге шығармашылық тұрғыдан келу дағдыларын меңгеру.

2.2 педагогикалық іс-тәжірибенің негізгі міндеттері:

- магистранттардың кәсіби-педагогикалық бағдарын дамыту;
- магистранттарда ғылыми білімді оқу материалына құрылымдау және түрлендіру, пәндік материалды ауызша және жазбаша баяндау дағдыларын қалыптастыру;
- магистранттарды жоғары кәсіптік білім беру мекемесінің білім беру үдерісінде шешілетін нақты проблемаларға қатыстыру;
- жоғары оқу орындарында педагогикалық қызметтің заманауи білім беру технологияларын, әдістерін, тәсілдерін, технологияларын зерттеу;
- білім беру қызметінің тиімділігін диагностикалау, бақылау және бағалау дағдыларын меңгеру;
- ЖОО-да педагогикалық жұмыс тәжірибесін алу.

3. Іс-тәжірибенің ұйымдастырушылық негіздері

3.1 Педагогикалық іс-тәжірибені бітіруші кафедрамен бірлесіп магистрантты даярлау бағыты бойынша ұйымдастырады.

3.2 Педагогикалық іс-тәжірибені өткізу мерзімі бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес белгіленеді.

3.3 Жалпы басшылық және іс-тәжірибеден өтуді бақылау кафедра меңгерушісіне және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым бөлімінің басшысына жүктеледі.

Бөлім басшысы:

- бітіруші кафедралар меңгерушілерінің ұсыныстары негізінде, іс-тәжірибе жетекшілерін тағайындау бойынша Академиялық мәселелер жөніндегі проректорға ұсыныстар енгізеді;

- қажет болған жағдайда магистранттармен және іс-тәжірибе жетекшілерімен педагогикалық іс-тәжірибе талаптарын түсіндіру бойынша жалпы жиналыс өткізуді ұйымдастырады;

- магистранттардың іс-тәжірибеден сапалы өтуіне жалпы бақылау мен мониторинг жүргізеді;

- магистранттардың педагогикалық іс-тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізуді жетілдіру бойынша университет басшылығына ұсыныстар әзірлейді және енгізеді.

Кафедра меңгерушісі:

- кафедрада педагогикалық іс-тәжірибені өткізу үшін қажетті жағдайларды, іс-тәжірибені нақты ұйымдастыруды, жоспарлау мен нәтижелерін бағалауды қамтамасыз етеді;

- іс-тәжірибе жетекшісі ұсынған іс-тәжірибені өткізу бағдарламасы мен кестесін бекітеді;

- магистранттардың іс-тәжірибе бойынша есептерін қорғауды кафедрасының отырысы ұйымдастырады.

3.4 іс-тәжірибеден өтуге басшылықты кафедраның жетекші және тәжірибелі штаттық оқытушылары арасынан тағайындалатын іс-тәжірибе жетекшісі жүзеге асырады.

Педагогикалық іс-тәжірибе жетекшісі болып магистранттың ғылыми кеңесшісі тағайындалуы мүмкін. Басшының кандидатурасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым жұмыстары жөніндегі бөлімімен келісіледі және университеттің Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.5 педагогикалық іс-тәжірибе жетекшісінің функциялары мыналарды қамтиды:

- педагогикалық іс-тәжірибені өткізуді жоспарлау мен ұйымдастыруда ғылыми және

әдістемелік көмек көрсету;

- магистранттың оқу сабақтарының кестесін және ҒЗЖ жоспарын орындауды ескере отырып, іс-тәжірибенің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес педагогикалық іс-тәжірибе бағдарламасын әзірлеу; кафедра меңгерушісімен келісу;

- магистрантты іс-тәжірибе бағдарламасымен, есептік құжаттаманың нысаны мен мазмұнымен таныстыру;

- магистрантты кафедраның ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысымен таныстыру;

- пәнді, оқу тобын педагогикалық іс-тәжірибені өткізу үшін база ретінде іріктеу және ұсыну;

- магистрантқа оқу-әдістемелік қызмет, ғылыми-педагогикалық міндеттерді шешудегі инновациялық тәсілдер мәселелері бойынша апта сайын ғылыми-әдістемелік консультациялар өткізу;

- сабақ өткізу жоспарын әзірлеуге, сабақ өткізу әдістерін таңдауға жәрдемдесу, оқу-әдістемелік құжаттаманы әзірлеуге көмектесу;

- магистрант қатысқан немесе өткізген оқу сабақтарын талдау және талқылау, оларды жою бойынша ескертулер мен ұсынымдарды анықтау;

- іс-тәжірибеден өту бағдарламасының орындалуын бақылау;

- магистранттың аудиториялық сабақтарына қатысу, оларды талдау және бағалау;

- іс-тәжірибеден өту қорытындылары туралы пікір (мінездеме) ұсыну;

- магистранттың есептік құжаттарын талдау, бекіту және бағалау;

- кафедра отырысында талқылау үшін педагогикалық тәжірибені жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

3.6 іс-тәжірибе қорытындысы бойынша аттестаттау магистранттың есебін қорғау, кафедра меңгерушісімен келісу кезінде іс-тәжірибе жетекшісінің пікірі негізінде жүргізіледі.

Магистранттың педагогикалық іс-тәжірибе бойынша есебі тәжірибе барысында жиналған, талданған және жүйеленген материалдарды қамтиды. Оң аттестаттаудың қорытындысы бойынша қорытынды баға қойылады. Есептің көшірмесі Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым бөліміне ұсынылады.

4. Педагогикалық іс-тәжірибені ұйымдастыру

4.1 іс-тәжірибенің еңбек сыйымдылығы 3 кредитті құрайды. 1 кредит 30 сағатқа (50 минуттан) тең, оның ішінде 15 сағат - аудиториялық/ байланыс сағаттары, 15 сағат – магистранттың өзіндік жұмысы (БАӨЖ).

Байланыс (аудиториялық) сағаттары педагогикалық жұмыстың мынадай түрлерін қамтиды: дәрістер, іс-тәжірибелік сабақтар, БАӨЖ өткізу, студенттерге консультациялар беру, кафедраның жетекші оқытушыларының сабақтарына қатысу, кафедраның оқу-әдістемелік семинарында сөз сөйлеу, кафедраның МҚБ жұмысына қатысу және магистранттың off-line режимінде қатысуын болжайтын педагогикалық қызметтің басқа да түрлері.

4.2. Педагогикалық іс-тәжірибенің мазмұны магистранттың даярлық деңгейін, оқу сабақтарының кестесі мен ҒЗЖ-ны орындау жоспарын, сондай-ақ кафедраның ғылыми және оқу-әдістемелік мүдделері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, іс-тәжірибе жетекшісі осы Ережеге сәйкес әзірлейтін бағдарламамен айқындалады. Магистранттың педагогикалық іс-тәжірибесінің бағдарламасын (2-қосымша) кафедра меңгерушісі бекітеді.

4.3 Магистранттың педагогикалық іс-тәжірибесі ұйымдастырушылық және оқу-әдістемелік жұмыстардың мынадай түрлерін жүргізуді қамтуы мүмкін:

- университет және мектеп құрылымымен танысу;

- кафедраның оқу-тәрбие және әдістемелік жұмысын ұйымдастырумен

танысу;

- оқу процесін реттейтін нормативтік және құқықтық құжаттарды зерделеу ("Білім туралы" ҚР Заңы, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, оқу процесін ұйымдастыру ережелері және т. б.), сондай-ақ университеттің ішкі құжаттарын (ережелерді, әдістемелік нұсқауларды, оқу жұмыс жоспарларын, ПОӘК, силлабустар);
- тәжірибе жетекшісінің ғылыми-әдістемелік кеңестеріне қатысу;
- оқу сабақтарына қатысу барысында университеттің жетекші оқытушыларының оқыту тәжірибесін зерделеу;
- ұсынылған пән бойынша оқу сабақтарының мазмұнын жеке жоспарлау және әзірлеу, оқу-әдістемелік материалдарды, конспекттерді әзірлеу;
- оқытудың интерактивті әдістерін пайдалана отырып, оқу пәні бойынша сабақтар (дәрістер, семинарлар және іс-тәжірибелік сабақтар) өткізу, іс-тәжірибе жетекшісімен бірлесіп өткізілген сабақты талдау;
- бақылау-өлшеу материалдарын дайындау: тесттер, емтихан сұрақтары, бақылау жұмыстары және педагогикалық бақылаудың басқа түрлері;
- білім алушылармен (студенттермен, магистранттармен) жеке аудиториядан тыс жұмыс.

4.4 Егер магистранттың ЖОО-да тиісті мамандық бойынша оқыту өтілі 5 жылдан астам болса және педагогикалық іс-тәжірибеден өту кезінде осы кафедраның оқытушысы қоса атқаратын болса, оның педагогикалық қызметі педагогикалық іс-тәжірибенің байланыс (аудиториялық) сағаттары бөлігінде есептелуі мүмкін. Бұл ретте педагогикалық іс-тәжірибе өту кезеңінде магистр 1 ашық сабақ өткізуі тиіс, оған міндетті түрде педагогикалық іс-тәжірибе жетекшісі, магистранттың ғылыми жетекшісі және кафедра меңгерушісі қатысады. Сонымен қатар, кафедра меңгерушісіне тиісті растайтын құжаттар ұсынылуы керек (Қосымша 1).

5. Магистранттың педагогикалық және әдістемелік құзыреттеріне қойылатын талаптар

5.1 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (05.05.2020ж.№182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес магистратура түлектері ақпараттық ағындардың жылдам жаңаруы мен өсуі жағдайында ғылыми-педагогикалық қызмет саласында құзыретті болуы тиіс;

5.2 педагогикалық іс-тәжірибе педагогикалық қызмет барысында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік береді және ЖОО оқытушысының әмбебап және жалпы кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға тікелей бағытталған.

5.3 педагогикалық іс-тәжірибеден өту барысында магистранттар оқу-әдістемелік қызметтің іс-тәжірибелік негіздерін меңгеруі тиіс, оның ішінде:

- жоғары білімнің негізгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру кезінде оқу-тәрбие мақсаттары мен міндеттерін қою және жүйелеу дағдылары;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құжаттаманы талдау әдістерімен;
- дайындық бейініне сәйкес оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік құжаттаманы педагогикалық жобалау негіздерімен;
- инновациялық білім беру технологияларын таңдау және оларды оқу процесінде апробациялауды негіздеу білімдерімен;
- ағымдағы үлгерімді бақылау және пән бойынша білімді қорытынды бақылау үшін бакалавриаттың және/немесе магистратураның оқу жоспарының нақты пәні бойынша тапсырмалар мен тест материалдарын құрастыру әдістері мен тәсілдері;

- студенттердің оқу қызметінің тиімділігін анықтау, бақылау және бағалау дағдылары.

5.4 педагогикалық іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін магистрант тиісті:

білуге:

- жоғары білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің құқықтық және нормативтік негіздері; университетте оқу-тәрбие, әдістемелік және ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша ЖОО қызметін регламенттейтін негізгі ережелер мен құжаттарды іске асыру тәртібін;
- ғылыми-педагогикалық қызметті модельдеудің заманауи тәсілдерін;
- оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, білім беру процесін жоспарлауды, жүргізуді және қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібін;
- экономикалық ЖОО-да ғылыми-педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың негізгі принциптері, әдістері мен формаларын;
- студенттердің танымдық қызметін жандандыру құралдары мен тәсілдері;
- ЖОО оқытушысының теориялық, іс-тәжірибелік және әдістемелік дайындығына қойылатын негізгі талаптарын.

жасай алуға:

- дәрістік және іс-тәжірибелік сабақтарды өткізудің білім беру технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдануды;
- пәндік материалды баяндау кезінде ғылыми - зерттеу және оқу үдерістерінің өзара байланысын, оның ішінде білім беру процесін жетілдіру құралы ретінде өз ғылыми зерттеулерін тарту;
- оқу процесін жобалау және ұйымдастыру бойынша әдістемелік жұмысты жүзеге асыруды;
- оқу сабақтары барысында аудитория алдында сөз сөйлеу және шығармашылық атмосфера құруды;
- педагогикалық қызметте туындайтын қиындықтарды талдау және оларды шешу бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуді;
- оқу сабақтарын өткізу мен жоспарлаудың тиімді тәсілдерін таңдау; әртүрлі тақырыптар бойынша тест, жаттығулар, тапсырмаларды құрастыруды;

дағдыларға ие болуға:

- жоғары мектептегі ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыс дағдылары;
- оқу сабақтарын өткізу әдістемесі мен технологиясы (дәрістер, семинарлар, іс-тәжірибелік сабақтар, пән бойынша консультациялар, курстық жобалау, үй тапсырмаларының әр түрлерін тексеру);
- оқу және ғылыми үдерістерде заманауи ақпараттық технологияларды қолдану тәжірибесі;
- көпшілік алдында сөз сөйлеу, академиялық жазу және оқу материалын баяндаудың ғылыми стилі дағдылары;
- өзін-өзі бағалау және әр түрлі аудиториялық сабақтардың нәтижелері мен тиімділігін талдау әдістемесі.

6. Магистранттың құқығы:

6.1. Магистранттың құқығы бар:

- кафедраның/университеттің ақпараттық материалдарын оқу және ғылыми мақсаттарда пайдалануға және іс-тәжірибе жетекшісіне кеңес алу үшін жүгінуге;;
- кафедра профессорларының сабақтарынан басқа, алдын ала келісім бойынша, оқыту әдістемесін зерделеу, озық педагогикалық тәжірибемен танысу мақсатында университеттің (басқа кафедралардың) жетекші оқытушыларының оқу сабақтарына қатысу;
- ынтымақтастық туралы келісім-шарттары бар басқа университеттердің жетекші профессорларының сабақтарына қатысу;

- дайындық бағыты бойынша шетелдік профессорлардың онлайн курстарынан өту.

6.2 Магистрант міндетті:

- іс-тәжірибеге уақытылы кірісу, педагогикалық іс-тәжірибенің жеке бағдарламасында көзделген барлық жұмыс түрлерін толық орындау;
- кафедрада және университеттің басқа бөлімшелерінде қызмет ететін ішкі тәртіп ережелеріне бағыну.
- штаттық қызметкерлермен тең дәрежеде орындалатын жұмыс және оның нәтижелері үшін жауапты болу;
- апта сайын күнделік жүргізу, онда іс-тәжірибе бойынша барлық жұмыс түрлері талданады;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін оқып, қатаң сақтау;
- іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін белгіленген мерзім ішінде есеп беру құжаттамасын уақытылы ұсыну және кафедрада есепті қорғау.

6.3 тыңдаушыға қойылатын талаптар орындалмаған жағдайда, ол педагогикалық іс-тәжірибеден өтуден шеттетілуі мүмкін;

6.4 педагогикалық іс-тәжірибеден өтпеген немесе дәлелді себеппен іс-тәжірибе бойынша есепті (дәлелдеу құжаттарын ұсыну қажет) қорғаған, бірақ өтпеген магистранттарға іс-тәжірибе (немесе есепті қорғау) мерзімдері магистратура бөлімінің ұсынысы негізінде Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұйрығымен басқа мерзімге ауыстырылады.

6.5 педагогикалық іс-тәжірибеден өтпеген немесе іс-тәжірибе бағдарламасының талаптарын дәлелсіз себеппен орындамаған магистранттар іс-тәжірибеден толық көлемде ақылы негізде өтуі тиіс.

7. Педагогикалық іс-тәжірибе бойынша есептік құжаттама

7.1 іс-тәжірибе аяқталғаннан кейін магистрант кафедраға келесі есептік құжаттаманы ұсынуға міндетті:

- ғылыми жетекшінің және кафедра меңгерушісінің қолы қойылған педагогикалық іс-тәжірибеден өту бағдарламасы (1-қосымша);
- педагогикалық іс-тәжірибе күнделігі (қосымша 2);
- іс-тәжірибе бағдарламасына сәйкес дайындалған іс-тәжірибеден өту туралы есеп (3-қосымша);
- магистрант талқылау хаттамасымен (іс-тәжірибе жетекшісінің визасымен) сабақ өткізген тақырыптар бойынша әдістемелік әзірлемелер);
- талқылау хаттамасымен (іс-тәжірибе жетекшісінің визасымен) аудиториядан тыс іс-шараны әдістемелік әзірлеу);
- ғылыми жетекшінің іс-тәжірибеден өткені туралы жазбаша пікірі (4-қосымша);

7.2 ұсынылған есептік құжаттаманың және есепті қорғаудың қорытындылары бойынша басшы аттестаттау ведомосінде тіркелетін қорытынды баға қояды.

(Педагогикалық іс-тәжірибені өту бағдарламасының үлгісі)

Қызылорда Болашақ университеті

Бекітілді

_____ (каф.меңг.қолы)

_____ (Каф.меңг.аты-жөні)

« ____ » _____ 20 ____ ж.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

(20 ____ / 20 ____ оқу жылы)

Магистрант _____

(толық аты-жөні)

шифр,білім беру бағдарламасы

оқы жылы _____

кафедра _____

іс-тәжірибе жетекшісі _____

(аты-жөні, қызметі)

№	КЕЗЕҢДЕРІ	МАЗМҰНЫ	МЕРЗІМІ	ЖАУАПТЫ
1	Бірінші кезең	Магистранттар практика базасының жағдайымен, педагогтармен, құжаттарымен танысады. Практика жоспарын жасайды. Пән жетекшілерін бекіту, топтарға бөлу.	1-апта	Басшылық, практика әдіскері, пән жетекшісі, тәлімгерлер, магистрант
2	Екінші кезең	Педагогтардың сабақтарына қатысу, сабақ өткізу, тәрбие сағаттарын жоспарлау ұйымдастыру. Психологиялық диагностика және тренингтер ұйымдастыру.	2-апта	Магистрант, пән жетекшісі, тәлімгерлер
3	Үшінші кезең	Магистранттар ашық сабақтар мен тәрбие сағатын өткізеді. Құжаттарын жинақтайды, есептерін ұсынады.	3-апта	Магистрант, пән жетекшісі, тәлімгерлер

Іс-тәжірибе жетекшісі

_____ қолы

_____ Аты-жөні

Магистрант

_____ қолы

_____ Аты-жөні

(Педагогикалық іс-тәжірибе күнделігінің үлгісі)

Қызылорда Болашақ университеті

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ТӘЖІРИБЕ КҮНДЕЛІГІ

Магистрант _____
(толық аты-жөні)

Шифр, білім беру бағдарламасы _____

Оқу жылы _____

Кафедра _____

Іс-тәжірибе жетекшісі _____
(толық аты-жөні)

Қызылорда

Педагогикалық іс-тәжірибенің өту кестесі

№	Уақыты және күні	Орындалатын жұмыстар	Орындалу туралы белгі
1	05.04.2021 жыл	Педагогикалық іс-тәжірибе практикасының өту орнының материалды-техникалық базасының сиптамасы	Есеп толтыру
2	08.04.2021 жыл	Оқу процесінің жоспарлаудың нормативтік құжаттарымен танысу	Есеп толтыру
3	10.04.2021 жыл	Лекция, семинар және практикалық сабақтарға қатысу, оларды талдау	Әр түрлі курстардан пән бойынша талдау
4	12.04.2021 жыл	Лекциялық сабақтарды өткізу	Әдістемелік қамтамасыз етумен бірге сабақ жоспарлары мен технологиялық карталары. 1 лекцияның конспекті
5	22.04.2021 жыл	Практикалық сабақтарды өткізу	Әдістемелік қамтамасыз етумен бірге сабақ жоспарлары мен технологиялық карталары

Кафедра меңгерушісі

қолы

аты-жөні

Іс-тәжірибе жетекшісі

қолы

аты-жөні

Магистрант

қолы

аты-жөні

Педагогикалық іс-тәжірибе өту туралы есебі

Магистрант _____
(толық аты-жөні)

Шифр, білім беру бағдарламасы _____

Оқу жылы _____

Іс-тәжірибені өту орны _____

Іс-тәжірибе жетекшісі _____
(толық аты-жөні)

Педагогикалық іс-тәжірибені өту мерзімі:

20__ ж. «_____» _____ «_____» _____ 20__ ж. дейін.

Магистранттың орындаған жұмысы, алған құзыреттілігі, шеберлігі және т. б. туралы жалпы мәліметтер.

1. Ұйымдастыру жұмысы (мектеп, колледж құрылымымен, кафедра оқытушыларының лауазымдық нұсқаулықтарымен, оқу процесін реттейтін құжаттармен және т. б. танысу).

№	Жұмыстың мазмұны	Есеп беру құжаттары
1	Кафедраның материалдық-техникалық базасымен танысу және оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету.	Есеп беру құжатында сипаттама беру
2	Жоспарлаудың нормативтік құжаттарымен танысу.	Есеп беру құжатында сипаттама беру.

Оқу-әдістемелік жұмыс (мемлекеттік білім беру стандарттарымен (МЖМБС), оқу және жұмыс оқу жоспарларымен, кафедра пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерімен танысу, студенттердің білім сапасын бақылауды жүзеге асыру бойынша әдістемелік материалдарды (ережелерді, нұсқаулықтарды) зерделеу, жазбаша жоспар-конспекттер жасауды, студенттердің білімін бақылау үшін тест тапсырмаларын, студенттердің өзіндік

жұмысы үшін тапсырмаларды жасауды, презентациялар дайындауды және т. б. қамтитын дәріс, семинар және практикалық сабақтарға дайындау.).

№	Жұмыстың мазмұны	Есеп беру құжаттары
1	Кафедра бойынша лекциялық, зертханалық және практикалық сабақтарға қатысу және талдау жасау.	Есеп беру құжатында сипаттама беру
2	Лекциялық, зертханалық және практикалық сабақтарды дайындау және өткізу.	Есеп беру құжаттары

1. Оқытушылар өткізетін сабақтарға қатысу

№	Сабақ түрі (дәріс, семинар, практикалық сабақ), аты-жөні оқытушы	Пән атауы	Жоғары мектеп, курс, топ	Күні, уақыты	Сағат саны
1					

2. Оқу жұмысы

2.1 Аудиториялық сабақтар (дәрістер оқу, практикалық сабақтар, семинарлар өткізу).

№	Сабақ түрі (дәріс, семинар, практикалық сабақ)	Пән атауы	Сабақ тақырыбы	Жоғары мектеп, курс, топ	Күні, уақыты	Сағат саны

2.2 Аудиториядан тыс оқу жұмысы (іс-шаралар өткізу, оқу пәндері бойынша консультациялар, үй тапсырмаларын, студенттердің рефераттарын тексеру және т. б.).

№	Жұмыс түрі	Тақырыбы	Жоғары мектеп, курс, топ	Күн, уақыты	Сағат саны

Магистрант

қолы

аты-жөні

Келісілді:

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор м.а.



А.М.Шильманова

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма басшысы м.а.



Б.Ж.Паридинова

Білім беру және педагогика жоғары мектебі деканының м.а.



Л.Е.Сапарбаева

Бизнес, техника және технология жоғары мектебі деканының м.а.



Ғ.Ж.Тасболат

Құрастырған:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және ғылым бөлімі бастығы м.а.



А.Т.Райымбекова